

**Арнайы және инклюзивті білім беру****Специальное и инклюзивное образование****Special and inclusive education**

FTAMP 14.15.01

DOI 10.59941/2960-0642-2024-2-108-119

Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының пән мұғалімдерімен өзара іс-қимылы**М.А. Тыныбаева¹, Л.А. Бутабаева¹, А.Қ. Жүсіп^{*1}, М.Ж. Темирбаева¹**¹Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

^{*}e-mail: zhussipaidana@gmail.com

Аңдатпа. Барлық білім алушыға сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету – еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі. Осы орайда мектеп кеңістігінде әрбір баланы жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып білім беру процесіне қосуда психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының бірлескен жұмысы маңызды. Осыған байланысты берілген мақалада психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандары мен пән мұғалімдерінің өзара іс-қимылын зерделеу, бірлескен серіктестікті жүзеге асырудағы қиындықтарды анықтау және оларды еңсеру бойынша ұсынымдар беру мақсат етіледі. Зерттеу барысында белгіленген міндеттерді орындау және деректердің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін авторлар теориялық, диагностикалық және эмпирикалық әдістерді қолданды. Зерттеу әдіснамасына сәйкес сапалық және сандық зерттеу құралдары негізінде өңірлерде жүргізілген зерттеу нәтижелері келтірілді. Нәтижелер білім алушылардың оқудағы қиындықтарын уақытылы анықтау және оларға қажетті қолдау көрсету үшін психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының пән мұғалімдерімен өзара іс-қимылын арттыру маңыздылығын, мұндайда білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау жұмысын бекітілген қағидаға сәйкес жүзеге асыру қажеттілігін айғақтайды. Сондай-ақ мақалада авторлармен аталған топтардың өзара іс-қимылын тиімді іске асыру, сәйкесінше барлық балалардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере келе білім беру процесіне қосылуын қамтамасыз ету үшін халықаралық тәжірибеге сүйеніп әзірленген психологиялық-педагогикалық қолдау моделі ұсынылады.



Түйінді сөздер: психологиялық-педагогикалық қолдау, инклюзивті білім беру, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандары, пән мұғалімдері



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:

Тыныбаева, М. А., Бутабаева, Л. А., Жүсіп, А. Қ., Темирбаева, М. Ж. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының пән мұғалімдерімен өзара іс-қимылы [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – №2. – Б. 108-119.

Кіріспе

2021 жылдың 26 маусымында мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды [1]. Оған сәйкес білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің функциясы реттеледі, білім беру ұйымдары басшыларының ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту үшін жағдай жасау бойынша жауапкершілігі артады.

Мұндайда инклюзивті білім беруге жағдай жасау деп ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың білім беру ұйымдарына кедергісіз қолжетімділігін техникалық жағдайлармен қамтамасыз етуді ғана түсінбеуіміз қажет. Бұл білім алушылардың ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерінің әртүрлілігін ескеретін білім беру процесін ұйымдастыруды білдіреді. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға әлеуметтендіруде, оқытуда, тәрбиелеуде қолдау көрсетуде, жалпы инклюзивті білім беру үшін жағдай жасауда барлық мамандардың күшін біріктіру маңызды. Демек, ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру ортасына қосу инклюзивті процесті білікті психологиялық-педагогикалық қолдаусыз іске асыру мүмкін емес [2].

Қазақстанның 4-ші тұрақты даму мақсатына қол жеткізуге бағытталған стратегиялық мақсаттарына сәйкес, баршаға бірдей сапалы білім беруді қамтамасыз ету бойынша қалыптасқан қазақстандық инклюзивті саясат балалардың инклюзивті білім алу, оның ішінде психологиялық-педагогикалық қолдау, тәрбиелеу мен оқыту үшін қауіпсіз қолайлы жағдайлар жасау, ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды әлеуметтендіру және бейімдеу құқықтарына кепілдік береді.

ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес «психологиялық-педагогикалық қолдау» деп «білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім

беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет» түсініледі. Осы анықтамаға сүйене отырып, әрбір білім алушы оны оқытудың кез келген кезеңінде, мамандық иелену процесінде психологиялық-педагогикалық қолдауды қажет етуі мүмкін [3].

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны педагогтер (пән мұғалімдері, сынып жетекшілері), психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандары (педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер, арнайы педагогтер, педагог-ассистенттер) анықтаумен айналысатын білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім беру қажеттіліктеріне байланысты, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық қолдау жоғарыда аталғандардан басқа білім беру ұйымдарының әкімшілігін, сондай-ақ ата-аналарды қоса алғанда, білім беру процесінің барлық қатысушыларының ұжымдық жұмысын білдіреді [4].

Жоғарыда аталған Қағиданың, сондай-ақ білім беру ұйымдарының білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру жөніндегі қызметін және оларды тәрбиелеу мен оқыту үшін арнайы жағдайлар жасауды регламенттейтін басқа да нормативтік құжаттардың болуына қарамастан, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер негізінен денсаулық жағдайына байланысты ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға бағдарланғанын атап өту қажет. Бұл ретте еліміздің инклюзивті саясатының ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтаудың медициналық моделінен әлеуметтік-педагогикалық моделіне көшуіне байланысты білім беру ұйымдарының педагогтері денсаулық жағдайына ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық, мәдени, тілдік факторларға байланысты әртүрлі қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу бойынша өздерінің кәсіби құзыреттерін тұрақты негізде жетілдіруі қажет. Алайда еліміздегі мектептердің тәжірибесі көрсеткендей, психологиялық-педагогикалық қолдауды

ұйымдастыру жүйелі сипатқа ие емес. Негізінен денсаулық жағдайына байланысты ерекше білім беруді қажет ететін балаларға бағытталған.

Мақала авторларымен еліміздің орта білім беру ұйымдары білім алушыларын психологиялық-педагогикалық қолдау жағдайын мониторингілеу бойынша жүргізген зерттеу нәтижелеріне сүйенетін болсақ, инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық қызметкерлер, әкімшілік және ата-аналардың өзара байланысы әлсіз. Осылайша, ерекше білім беруді қажет ететін балалары бар ата-аналармен жұмыс және оларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша бірлескен жұмыс тек екі респондент жауабында байқалды (6%). Педагогтердің 80%-ы ерекше білім беруді қажет ететін балаларға білім беру үшін арнайы білімдерінің жеткіліксіз екендігін, 20%-ы арнайы білімдерінің мүлдем жоқ екендігін білдірді. Бір де бір респондент арнайы білімдерінің ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс үшін жеткілікті екендігін білдірмеді [5].

PISA-2018 халықаралық зерттеуінде педагогтер балалардың қажеттіліктерін қанағаттандырмайтынын (61%) атап өткен қазақстандық мектеп директорларының үлесі ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіштен 2 есе жоғары [6]. Аталған фактілер инклюзивті процестің негізгі субъектілері ретінде педагогтерге мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтерінің мамандары тарапынан кеңес пен қолдау қажет екенін көрсетеді.

Қазақстандық мектептердің тәжірибесі психологиялық-педагогикалық қолдау жүйелі түрде жүргізілмейтінін және негізінен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы бойынша арнайы білім беру жағдайларын қажет ететін балаларға бағытталғанын көрсетеді. Инклюзивті процестің қалған субъектілері – білім алушылардың басқа топтары, ата-аналар, педагогтер, сынып жетекшілері, әкімшілік жеткілікті назардан тыс қалуда. Мектептерде ерекше білім беруді қажет ететін баланың проблемаларына жүйелі

көзқарас жоқ, оны қолдау жекелеген мамандардың күшімен жүзеге асырылуда. Сонымен қатар инклюзивті білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін мектептердің барлық деңгейдегі ұйымдармен өзара іс-қимылының жеткіліксіздігі де байқалады.

Анықталған қиындықтар инклюзивті білім беру жүйесіндегі білім беру қызметінің барлық субъектілерінің пәнаралық өзара іс-қимыл тетіктерін іздеуді және барлық педагогикалық қауымдастықтың кезең-кезеңімен өзара іс-қимыл алгоритмімен инклюзивті процесті кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау моделін әзірлеуді өзектендіреді.

Аталған мәселелерді шешу үшін мақала авторларымен жалпы білім беретін мектептерде психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесі, оның ішінде қолдаудың кең түрлері (жеке білім беру бағытын ұйымдастыруды қажет ететін балаларды анықтау; түзету-дамытушылық көмек көрсету, жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды іске асыруды психологиялық-педагогикалық қолдау және т.б.) зерттелді.

Жобаны іске асыру жоспарына сәйкес өңірлердегі білім беру ұйымдарында инклюзивті процесті психологиялық-педагогикалық қолдаудың жағдайы зерделенді. Зерттеудің негізгі гипотезаларының бірі – әкімшіліктің, педагогтердің, білім беру ұйымдарының психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтері мамандарының өзара байланысының жоқтығы; инклюзивті білім беру процесінде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтері рөлінің анықталмауы; білім беру ұйымдарының педагогтерінің білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтауда, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуде, командалық жұмысты жүзеге асыруда қиындықтарға тап болуы; барлық ұйымдарда инклюзивті білім беру процесінің барлық субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру бойынша іс-шаралар кешені іске асырылмауы секілді мәселелерге негізделді [7-9].

Жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауда серіктестік және бірлесіп жұмыс жасау тәжірибесі инклюзивті білім беруді қолдаудың маңызды қадамдарының бірі ретінде кеңінен мойындалған [10-12].

S. Finkelstein, U. Sharma, B. Furlonger пікірінше, мектеп контекстіндегі арнайы мамандар мен педагогтердің серіктестігі инклюзивті білім беру ортасын құрудың, білім алушыларды тұлғалық, әлеуметтік дамытудың және сәйкесінше білім беру ұйымдарының баршаға сапалы білімге қолжетімділігін қамтамасыз ету сапасын арттырудың маңызды критерийлерінің бірі болып есептеледі [13].

L. Miltenienė, I. Venclovaite зерттеулеріне сәйкес, инклюзивті білім беру контекстінде педагогтер білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және олардың одан әрі білім алуына қатысты пайдалы кеңестер алу қажеттілігіне байланысты арнайы мамандармен консультациялар түріндегі ынтымақтастыққа қызығушылық танытады [14].

V. Raju, A. Kajamaa, R. Pirttima, E. Kontu инклюзивті практикадағы серіктестікті зерделеуде сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерінің әрқайсының көп күшті өз функцияларына жұмсайтындығына қарамастан, өзара байланыс маңыздылығын ескеретінін, сондай-ақ мультипрофессиналды тұғырдың оқытудың позитивті атмосферасын құру үшін үлкен мәнге ие екендігін атап өтеді [15].

C.B. Алехина, М.М. Семаго, Н.Я. Семаго ерекше білім беруді қажет ететін баланы психологиялық-педагогикалық қолдау білім беру бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылатынын және инклюзивті білім беру ортасының барлық субъектілерін қолдауды жүзеге асыруды көздейтінін атап көрсетеді [16].

Елімізде жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың, оның ішінде оқу про-

цесінде қолдаудың мазмұны мен тәсілдерін, қолдау қызметі мамандарының рөлін анықтау мәселелері елімізде алғаш И.Г. Елисеева, А.К. Ерсаринаның [17], психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны (деңгейлік тәсіл) И.Г. Елисеева, Ж.Б. Аханованың ұсынымдарында [18] зерделенді. Аталған еңбектерде білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып білім беру процесінде барлық педагогикалық қауымдастықтың бірлесіп жұмыс істеу маңыздылығы белгіленген.

Берілген мақалада авторлар жалпы білім беретін мектептердің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының пән мұғалімдерімен өзара іс-қимылы мәселелерін талдайды, зерттеу әдіснамасына сәйкес жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін келтіреді. Авторлардың пікірінше, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандары мен педагогтердің іс-қимылындағы жүйесіздік пен сәйкессіздік ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуге жеткіліксіз дайындықтары (оқу бағдарламаларын бейімдеу, жеке оқу жоспарларын әзірлеу, тапсырмаларды саралау және т.б.), білім беру ұйымдарының психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінде жүйелі тәсілдерді жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында белгіленген міндеттерді орындау және деректердің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін авторлар теориялық, диагностикалық және эмпирикалық әдістерді қолданды. Теориялық әдіс қарастырылып жатқан мәселеге қатысты ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу және талдау, қиындықтарды анықтау және қажетті шараларды негіздеуді қамтыса, диагностикалық әдіс қарастырылып жатқан мәселеге қатысты бастапқы өзекті ақпаратты жинауға бағытталған сауалнама, сұхбат (интервью) жұмыстарын жүргізуді, эмпирикалық әдіс алынған нәтижелерді статистикалық өңдеуді, талдауды және интерпретациялауды қамтыды.

Білім беру процесіне қатысушылармен сауалнама, сұхбат өңірлердегі мектептерге бару кезінде онлайн режимде де, офлайн форматта да жүргізілді. Сапалы деректерді қамтамасыз ету үшін географиялық орналасуын ескере отырып, зерттеуге қатысатын өңірлер мен ұйымдарды айқындай отырып, мақсатты іріктеу жүргізілді (оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс, орталық, оның ішінде республикалық маңызы бар қалалар).

Сауалнамаға және сұхбатқа қатысушыларды іріктеу үшін негізгі пәндер (математика, қазақ, орыс және ағылшын тілдері, әдебиет, физика, тарих және т.б.) бойынша педагогтердің тізімдері жасалды, бұл ретте оқыту сыныптары (9-сыныптар) және оларда ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың болуы ескерілді.

Сауалнама Google Forms көмегімен жүргізілді. Зерттеудің сандық және сапалық нәтижелерін өңдеу IBM SPSS Statistics бағдарламасын қолдану негізінде жүзеге асты.

Әр ұйымда психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарын (педагог-психологтар, дефектолог-мұғалімдер, логопед-мұғалімдер және т.б.), сынып жетекшілерін және басқа да негізгі ақпарат берушілерді қамтитын респонденттермен интервью немесе фокус-топтар өткізілді. Тек ашық қолжетімді құжаттар зерделенді. Зерттеу барысында автор-

лар барлық әдеп қағидаттарын ұстанды, қатысушылардың анонимділігі мен құпиялылығы сақталды.

Нәтижелер

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін дұрыс ұйымдастыру, жоғарыда атап өткендей, ерекше қажеттіліктері бар балалардың оқу-процесін ұйымдастыруда ғана маңызды рөл атқармайды, сондай-ақ мектептің жалпы білім беру процесі сапасын арттыруда ерекше маңызға ие. Сол себепті мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі қаншалықты бірлесіп жұмыс істейтінін және оның мүшелері, оның ішінде қолдау мамандары мен пән мұғалімдерінің өзара қалай әрекеттесетіндігін анықтау маңызды.

Осыған байланысты мақалада аталған сұраққа жауап алу, яғни психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандары мен пән мұғалімдерінің өзара байланысын анықтау үшін мектеп директорларымен жүргізілген сауалнама-сұхбат жұмыстарының кейбір нәтижелері берілген.

Төменде сауалнамаға қатысқан мектеп директорларының психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің, оның қатысушыларының бірлескен жұмысының маңыздылығын бағалау нәтижелері келтірілген (1-кесте).

1-кесте. Мектеп директорларының психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің, оның қатысушыларының бірлескен жұмысының маңыздылығын бағалау нәтижелері

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің, оның қатысушыларының бірлескен жұмысының маңыздылығын бағалаңыз

бағалау деңгейлері	респонденттер саны
1. жоғары	1201
2. жақсы	1760
3. қанағаттанарлық	310
4. төмен	20
5. жауап беруге қиналамын	16

Бұл көрсеткіш директорлардың басым бөлігінің (89%) мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын оң бағалайтынын, бірлескен жұмыстың маңызды екендігін белгілейтінін растайды. Расымен, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің барлық қатысушыларының, оның ішінде қолдау мамандары мен пән мұғалімдерінің бірлескен жұмысының арқасында білім алушыларға қиындықтарды жеңуге, бағдарламалық материалды игеруге, оқу іс-әрекетіне оң уәждеме қалыптастыруға, әлеуметтік өзара іс-қимылдың негізгі тәсілдерін игеруге уақытылы және сапалы көмектесуге болады. Мұны сұхбатқа қатысқан мектеп директорларының келесі жауаптары растайды:

Педагог-ассистент сабақта оқуда қиындыққа тап болатын баланың қасында болады, оған көмек көрсетеді. Арнайы педагогтер мен пән мұғалімдерінің тығыз қарым-қатынасы жүзеге асырылады (Респондент 1.4).

Өзара іс-қимыл сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырылады, тренингтер өткізіледі (Респондент 1.8).

Барлық арнайы мұғалімдер сабаққа қатысады, пән мұғалімдерімен өзара әрекеттеседі (Респондент 1.15).

Арнайы педагогтер, әлеуметтік педагогтер, педагог-ассистенттер пән мұғалімдерімен, медицина қызметкерлерімен, әкімшілікпен, ата-аналармен консультациялар, балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау үшін ұсынымдар

арқылы тұрақты байланыста болады, онда білімдегі олқылықтар мен оларды жою жолдары, сыныптағы микроклиматтың қалыптасуы, үлгерімді бақылау, сабақтан тыс іс-шараларды ұйымдастыру қарастырылады (Респондент 1.20).

Арнайы педагог, әлеуметтік педагог, педагог-ассистент, пән мұғалімдері командада жұмыс істейді. Мектептің психологиялық-педагогикалық қызметіне қатысу арқылы баланың даму деңгейі нақтыланады және кеңестер беріледі (Респондент 1.26).

ППҚҚ мамандары пән мұғалімдерімен консультациялар, тренингтер, проблемаларды бірлесіп талқылау, сабақтарды бақылау арқылы үнемі тығыз қарым-қатынаста болады (Респондент 1.27).

Сондай-ақ мектеп директорларына қойылған «Арнайы педагогтер, әлеуметтік педагогтер, педагог-ассистенттер білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пән мұғалімдерімен қалай қарым-қатынас жасайды?» сұрағына жауаптарға сәйкес өзара әрекеттесудің ең көп таралған түрлері ретінде жеке әңгімелесу, сабаққа қатысу, оқыту семинарлары, кеңестер анықталды.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандары мен пән мұғалімдерінің өзара байланысында мамандар консультациялары сапасының төмен болуы қиындық тудырады. Мұны мектеп әкімшілігінің қолдау мамандарының консультациялары сапасын бағалау дәрежесі айғақтайды (2-кесте).

2-кесте. Мектеп директорларының психологиялық-педагогикалық қолдау мамандары консультацияларының сапасын бағалау нәтижелері

Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандары консультацияларының сапасын бағалаңыз

бағалау деңгейлері	респонденттер саны
1. жоғары	1388
2. орташа	1779
3. төмен	142
4. мүлдем сәйкес келмейді	42
5. жауап беруге қиналамын	118

Сұхбатқа қатысқан мектеп директорларының жауаптарынан респонденттердің 40%-ының консультациялар сапасын жоғары бағалайтынын, жартысы (51%) орташа баға бергенін, 4% респондент төмен баға беріп, 4%-ы жауап беруге қиналып және тек 1%-ы «мүлдем сәйкес келмейді» деп бағалағанын көреміз (13-сурет).

Жалпы зерттеу нәтижелері арнайы мамандар мен пән мұғалімдерінің ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша өзара байланысу фактісін айғақтайды. Десе де, кей нәтижелер педагогтер мен мамандардың инклюзивті білім беру жағдайында білім алушыларға білім беруде біліктіліктерін арттыру, қолдау командасы мүшелерінің өзара байланысын күшейту қажеттілігін негіздейді.

Талқылау

Зерттеу барысында респонденттерге жүргізілген сауалнама-сұхбат нәтижелеріне сәйкес келесідей қорытындылар жасалды:

1. Білім алушыларға, оның ішінде күрделі бұзушылықтары бар білім алушыларға түзету-дамытушылық көмек көрсету бойынша мамандар мен педагогтерге біліктілікті жүйелі негізде арттыру қажет.
2. Пән мұғалімдеріне білім алушылардың ерекше қажеттіліктерін уақытылы анықтауда әдістемелік көмек көрсету қажет.
3. Білім алушылардың оқудағы қиындықтарын уақытылы анықтау және оларға қажетті қолдау көрсету бөлігінде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарымен өзара іс-қимылды күшейту қажет.

Ерекше білім беруді қажет ететін, оның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балалар санының әлемдік және қазақстандық контекстте өсу тенденциясына байланысты психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарына пән мұғалімдерімен,

сонып жетекшілерімен, сондай-ақ ата-аналармен өзара іс-қимыл бойынша жұмысты күшейту, кәсіби құзыреттілікті арттырумен, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау бойынша жүйелі негізде айналысу ұсынылады.

Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтерінің функцияларына мамандардың балалармен дамытушылық жұмысы ғана емес, сонымен қатар олардың педагогтермен, мамандармен және ата-аналармен ортақ тәсілдерді, білім алушылармен жұмыс істеудің бірыңғай стратегиясын әзірлеу бойынша тұрақты ынтымақтастығы да кіретінін ескеру шарт. Жеке тәсілмен оқытуды қамтамасыз ету, нақты баланың ерекшеліктерін есепке алу, ерекше білім беру қажеттіліктерін мұқият бағалау негізінде оқу бағдарламасын (оның ішінде жеке) және оқу жоспарын әзірлеу – педагогтер мен мектеп мамандары үшін оңай міндет емес. Мұның бәрі ұжымдық жұмысты, білімді, тәжірибені және педагог пен мамандардың тығыз қарым-қатынасын қажет етеді.

Білім алушыны психологиялық-педагогикалық қолдауды іске асыруға бағытталған мамандардың топтық жұмысын жүзеге асыру үшін мақала авторларымен халықаралық озық тәжірибені бейімдеу негізінде әзірлеген психологиялық-педагогикалық қолдау моделін қолдану ұсынылады [7].

Сыныптағы қолдау – оқудағы қиындықтарға алғашқы реакция. Бұл қолдау сыныпта жүзеге асады және сынып жетекшісімен қадағаланады. Қажет болған жағдайда педагог оқу білім алушының жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын бейімдейді, тапсырмаларды саралайды, сондай-ақ ата-аналармен орын алған қиындықтардың себебін талқылап, олардың еңсерудің тиімді стратегияларын қарастырады.

Ұсынылған модельге сәйкес кейбір жағдайларда сыныптағы қолдау деңгейіндегі іс-шаралар білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін толық қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болуы

мүмкін. Сондықтан сынып жетекшісі келесі кезеңге өтіп, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарын орын алған мәселелерді шешу процесіне тартуы мүмкін (*мектептегі қолдау*). Яғни бұл кезеңде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жұмылдырылады. Қолдау қызметімен қолдау жоспары әзірленеді, қажет жағдайда жеке дамытушылық бағдарламасы, жеке оқу жоспары, жеке оқу бағдарламасы құрылады, білім алушы үлгерімі қадағаланады. Дәл осы кезеңде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметімен іске асырылатын барлық іс-әрекет алгоритмі «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығында белгіленген [4]. Аталған қағидалар білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру тәртібін реттейді. Қағидалардан білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау тәртібімен танысуға, яғни *психологиялық-педагогикалық қолдау нені, қандай жағдайларды қамтиды, оны кім іске асырады, ол қандай қажеттіліктерді бағалау негізінде жүзеге асады, қандай кезеңдерден тұрады, әкімшіліктің немесе жекелеген педагогтердің функциясына не кіреді* деген секілді сұрақтарға жауап алуға болады. Сондай-ақ «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығынан [19] ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібімен, мұндайда психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының функцияларымен танысуға болады.

Білім алушының қажеттіліктері ауыр, тұрақты және интенсивті қолдауды қажет еткен жағдайда оларға арнайы мамандардың қарқынды қолдауы қажет болуы мүмкін (мысалы, сурдопедагог, тифлопедагог және т.б.). Мұндайда мектептен тыс мамандар тартылып, бағдарламаны әзірлеуге және қажеттіліктерді бағалауға қатысады, барлық қажетті қолдауды іске асы-

рады (*мектептен тыс қолдау*). Сыныптағы және мектептегі қолдау жұмыстарынан алынған ақпарат осы деңгейдегі мәселелерді шешудің бастапқы нүктесі болады. «Білім туралы» заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес білім беру ұйымының басшылары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бұзғаны немесе білім алу үшін арнайы жағдайлар жасамағаны үшін жауапты болатынын атап өту қажет. Осыған байланысты мектептің бірінші кезектегі міндетіне білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, білім алу үшін қажетті арнайы жағдайлар жасау кіреді.

Мектептердің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары мен пән мұғалімдері білім алушыларға бақылау жүргізеді, психологиялық-педагогикалық процесс қызметінің отырысында ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға қатысады, сондай-ақ білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын (оқу бағдарламалары, жоспарлар, мамандардың жеке-дамытушы бағдарламалары) әзірлейді. Білім берудің әрбір деңгейінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау белгілі бір басым міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады.

Қорытынды

Әрбір педагогтің инклюзивті білім берудің мәні ерекше білім беруді қажет ететін баланың жалпы білім беретін мектепке келіп-кетуі ғана еместігін түсінуі өте маңызды. Бұл мектептің өзін, мектеп мәдениетін және білім беру процесіне қатысушылардың қарым-қатынас жүйесін өзгерту, педагогтер мен мамандардың тығыз ынтымақтастығы, ата-аналарды баламен жұмыс істеуге тарту.

Инклюзивті білім беру идеясын қабылдаған және мектепте инклюзивті ортаны дамытатын жалпы білім беру ұйымдарының әкімшілігі мен педагогтері білім беру

процесіне қатысушылар арасындағы өзара іс-қимыл тетігін пысықтау және негізгі тұлға бала болып табылатын педагогикалық процесті қалыптастыру бойынша көмекке аса мұқтаж.

Әрбір баланың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету мақсатында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жалпы білім беретін мектептің толыққанды құрылымдық бөлімшесі болуы тиіс.

Мектеп педагогтері білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде, яғни оқудың анықталған қиындықтары мен олардың туындау себептері негізінде оқу процесінде білім алушыны қолдау түрлерін, нысандары мен көлемін анықтау негізінде жүзеге асырылатынын білуі тиіс. Бұл ретте қажеттіліктерді бағалау, сондай-ақ білім алушыларды қолдау деңгейлік сипатқа ие, бұл қолдау қарқындылығын арттыру жағына да, қолдауды азайту жағына да бір деңгейді қолдаудан екінші деңгейді қолдауға көшу мүмкіндігін білдіреді. Мұның бәрі командалық тәсілді, білімді, тәжірибені және мектеп әкімшілігінің, педагогтердің, мамандардың және ата-аналардың тығыз қарым-қатынасын талап етеді. Кешенді өзара іс-қимыл кезінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың бейімделуінің жеткілікті деңгейіне қол жеткізуге болады, бұл оларға өз қабілеттерін іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Мұндай жағдайды тек тығыз ынтымақтастықта, білім беру процесінің барлық қатысушыларының, оның ішінде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі, оның ішінде арнайы мамандар мен пән мұғалімдерінің өзара тығыз командалық өзара байланысында жасауға болады. Бұл жағдайда барлық балалар жетістікке жетуге, қауіпсіздікті сезінуге мүмкіндік беретін қолдаумен қамтамасыз етіледі.

Қаржыландыру жөнінде ақпарат

Бұл зерттеу ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігімен қаржыландырылған «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды үздіксіз психологиялық-педагогикалық қолдау (балабақша – мектеп – колледж)» гранттық жобасы шеңберінде жүргізілді (AP19577067, 2023-2025 жж.).

Пайдаланылған деректер тізімі

1. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ [Электронный ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000056> (дата обращения: 25.05.2024).
2. **Алехина, С. В.** Инклюзивное образование для детей с ограниченными возможностями здоровья [Текст]: монография / Н. В. Новикова, Л. А. Казакова, С. В. Алехина; под общ. ред. Н. В. Лалетина; Сиб. Федер. ун-т, Красноярск, гос. пед. ун-т им. В.П. Астафьева [и др.]. – Красноярск, 2013. – С. 71–95.
3. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы «Білім туралы» [Электронный ресурс]. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (дата обращения: 25.05.2024).
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» [Электронный ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513> (дата обращения: 25.05.2024).
5. Методические рекомендации по итогам проведения мониторинга по психолого-педагогическому сопровождению обучающихся в организациях среднего образования. – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2021. – 2136 с.
6. Достижения по чтению, математике и естествознанию: результаты исследования PISA-2018 в Казахстане: Национальный отчет. – АО «Информационно-аналитический центр», 2020. – 154 с.
7. **Бутабаева, Л. А., Исмагулова, С. К., Ногайбаева, Г. А., Темирбаева, М. Ж., Жүсіп, А. Қ.** Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріндегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының рөлі // «Білім – Образование» ғылыми-педагогикалық журналы. – 2022. – № 3 (102). – Астана [Электронный ресурс]. URL: <https://bilim-uba.kz/index.php/science/issue/view/5> (дата обращения: 25.05.2024).
8. **Бутабаева, Л. А., Ногайбаева, Г. А., Исмагулова, С. К.** Роль специалистов службы психолого-педагогического сопровождения в общеобразовательной школе Республики Казахстан // Дефектология и образование в наши дни: фундаментальные и прикладные исследования: Сборник материалов Международной научно-практической конференции, Краснодар, 12–13 апреля 2022 года / Отв. ред. Е. А. Шумилова. – Краснодар: Кубанский государственный университет, 2022. – С. 314–318. – EDN NSLZKZ.

9. **Тыныбаева, М. А., Бутабаева, Л. А., Темирбаева, М. Ж., Жумажанова, С. К.** Роль администрации организаций образования в организации непрерывного психолого-педагогического сопровождения обучающихся // Научное обозрение: актуальные вопросы теории и практики: сборник статей VII Международной научно-практической конференции. – Пенза: МЦНС «Наука и Просвещение», 2023. – С. 305–318.
10. **Ainscow, M., Sandhill, A.** Developing Inclusive Education Systems: The Role of Organisational Cultures and Leadership // *International Journal of Inclusive Education*. – 2010. – V. 14. – №4. – P. 401–416.
11. **Florian, L., Spratt, J.** Enacting Inclusion: A Framework for Interrogating Inclusive Practice // *European Journal of Special Needs Education*. – 2013. – V. 28. – №2. – P. 119–135. DOI: 10.1080/08856257.2013.778111.
12. **Pantic, N., Florian, L.** Developing Teachers and Agents of Change and Social Justice // *Education Inquiry*. – 2015. – V. 6. – №3. – P. 333–351. DOI: 10.3402/edui.v6.27311.
13. **Finkelstein, S., Sharma, U., Furlonger, B.** The inclusive practices of classroom teachers: A scoping review and thematic analysis // *International Journal of Inclusive Education*. – 2019. – T. 25. – №6. – P. 735–762. DOI: 10.1080/13603116.2019.1572232.
14. **Miltenienė, L., Venclovaite, I.** Teacher collaboration in the context of inclusive education // *Specialisus ugdymas*. – 2012. – V. 27. – №2. – P. 111–123.
15. **Paju, B., Kajamaa, A., Pirttimaa, R., Kontu, E.** Collaboration for Inclusive Practices: Teaching Staff Perspectives from Finland // *Scandinavian Journal of Educational Research*. – 2021. – V. 66. – №3. – P. 427–440. DOI: 10.1080/00313831.2020.1869087.
16. Создание и апробация модели психолого-педагогического сопровождения инклюзивной практики / под общ. ред. С. В. АLEXИНОЙ, М. М. СЕМАГО. – М.: МГППУ, 2012. – 156 с.
17. **Елисева, И. Г., Ерсарина, А. К.** Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации. – Алматы: ННПЦ КП, 2019. – 118 с.
18. **Елисева, И. Г., Аханова, Ж. Б.** Психолого-педагогическая поддержка школьников с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе (уровневый подход): метод. рекомендации. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2020. – 76 с.
19. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» [Электронный ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618> (дата обращения: 25.05.2024).
20. **Alehina, S. V.** Inkluzivnoe obrazovanie dlja detej s ogranichennymi vozmozhnostjami zdorov'ja [Inclusive education for children with disabilities] [Tekst]: monografija / N. V. Novikova, L. A. Kazakova, S. V. Alehina / pod obshh. red. N. V. Laletina; Sib. Feder. un-t, Krasnojarsk gos. ped. un-t im. V.P. Astaf'eva [i dr.]. – Krasnojarsk, 2013. – S. 71 – 95.
21. «Bilim turaly» Qazaqstan Respublikasynyń 2007 jylǵy 27 şildedeǵy № 319 Zańy [The Law of the Republic of Kazakhstan «On Education»] [Elektrondy resurs] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (qaralǵan kúni: 25.05.2024 j.)
22. «Mektepke deingi, orta, tehnikalyq jáne kásiptik, orta bilimnen keingi bilim beru, qosymsha bilim beru úiymdarynda psihologialyq-pedagogikalq qoldap otyru qaǵidalaryn bекitu turaly» Qazaqstan Respublikasy Bilim jáne ǵylym ministriniń 2022 jylǵy 12 qańtardaǵy № 6 búiryǵy [The order on approval of the Rules of psychological and pedagogical support in organizations of preschool, secondary, technical and vocational, post-secondary education, additional education] [Elektrondy resurs] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513> (qaralǵan kúni: 25.05.2024 j.)
23. Metodicheskie rekomendacii po itogam provedeniya monitoringa po psihologo-pedagogicheskomu soprovozhdeniiu obuchajushhihsja v organizacijah srednego obrazovaniya [Methodological recommendations based on the results of monitoring on psychological and pedagogical support of students in secondary education organizations]. – Nur-Sultan: NAO imeni I. Altynsarina, 2021. – 2136 s. URL: <https://uba.edu.kz/ru/metodology/3> (qaralǵan kúni: 25.05.2024 j.)
24. «Dostizheniya po chteniiu, matematike i estestvoznaniyu: rezul'taty issledovaniya PISA-2018 v Kazahstane» [Achievements in reading, mathematics and natural sciences: the results of the PISA-2018 study in Kazakhstan], Nacional'nyj otchet/AO «Informacionno-analiticheskij centr», 2020 – 154 str.
25. **Butabaeva, L.A., Ismagulova, S.K., Noǵaibaeva, G.A., Temirbaeva M.J., Júsip A.Q.** Qazaqstan Respublikasynyń jalpy bilim беретin mektepterindeǵy psihologialyq-pedagogikalq qoldau qyzmeti mamandarynyń róli [The role of specialists of the psychological and pedagogical support service in general education schools of the Republic of Kazakhstan]. BILIM – OBRAZOVANIE ǵylymi-pedagogikalq jurnaly, №3 (102) 2022. Astana, 2022 [Elektrondy resurs] // URL: <https://bilim-uba.kz/index.php/science/issue/view/5> (qaralǵan kúni: 25.05.2024 j.)
26. Rol' specialistov sluzhby psihologo-pedagogicheskogo soprovozhdeniya v obshheobrazovatel'noj shkole Respubliki Kazahstan [The role of specialists of the psychological and pedagogical support service in general education schools of the Republic

References

1. «Qazaqstan Respublikasynyń keibir zańnamalyq aktilerine inklüzivti bilim beru máseleleri boıynsha

- of Kazakhstan] / L. A. Butabaeva, G. A. Nogajbaeva, S. K. Ismagulova [i dr.] // Defektologija i obrazovanie v nashi dni: fundamental'nye i prikladnye issledovanija: Sbornik materialov Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii, Krasnodar, 12–13 aprelja 2022 goda / Otvetstvennyj redaktor E.A. Shumilova. – Krasnodar: Kubanskij gosudarstvennyj universitet, 2022. – S. 314–318. – EDN NSLZKZ
9. **Tynybaeva, M.A., Butabaeva, L.A., Temirbaeva, M.Zh., Zhumazhanova, S.K.** Rol' administracii organizacij obrazovanija v organizacii nepreryvnogo psihologo-pedagogicheskogo soprovozhdenija obuchajushhihsja [The role of the administration of educational institutions in the organization of continuous psychological and pedagogical support of students]. Nauchnoe obozrenie: aktual'nye voprosy teorii i praktiki: sbornik statej VII Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii. – Penza: MCNS «Nauka i Prosveshhenie». – 2023. – 305–318 s.
 10. **Ainscow, M., Sandhill, A.** Developing Inclusive Education Systems: The Role of Organisational Cultures and Leadership // International Journal of Inclusive Education. – 2010. – V. 14. – №4. – P. 401–416.
 11. **Florian, L., Spratt, J.** Enacting Inclusion: A Framework for Interrogating Inclusive Practice // European Journal of Special Needs Education. – 2013. – V. 28. – №2. – P. 119–135. DOI: 10.1080/08856257.2013.778111.
 12. **Pantic, N., Florian, L.** Developing Teachers and Agents of Change and Social Justice // Education Inquiry. – 2015. – V. 6. – №3. – P. 333–351. DOI: 10.3402/edui.v6.27311.
 13. **Finkelstein, S., Sharma, U., Furlonger, B.** The inclusive practices of classroom teachers: A scoping review and thematic analysis // International Journal of Inclusive Education. – 2019. – T. 25. – №6. – P. 735–762. DOI: 10.1080/13603116.2019.1572232.
 14. **Miltenienė, L., Venclovaite, I.** Teacher collaboration in the context of inclusive education // Specialusis ugdymas. – 2012. – V. 27. – №2. – P. 111–123.
 15. **Paju, B., Kajamaa, A., Pirttimaa, R., Kontu, E.** Collaboration for Inclusive Practices: Teaching Staff Perspectives from Finland // Scandinavian Journal of Educational Research. – 2021. – V. 66. – №3. – P. 427–440. DOI: 10.1080/00313831.2020.1869087.
 16. Sozdanie i aprobacija modeli psihologo-pedagogicheskogo soprovozhdenija inklyuzivnoj praktiki [Creation and testing of a model of psychological and pedagogical support for inclusive practice] / pod obshh. red. S.V. Alehinoj, M.M. Semago. – M.: MGPPU, 2012. – 156 s.
 17. Psihologo-pedagogicheskoe soprovozhdenie detej s osobymi obrazovatel'nymi potrebnostjami v obshheobrazovatel'noj shkole: metod. Rekomendacii [Psychological and pedagogical support of children with special educational needs in secondary schools: method. Recommendations] / Eliseeva I.G., Ersarina A.K. - Almaty: NNPC KP, 2019. - 118s.
 18. Psihologo-pedagogicheskaja podderzhka shkol'nikov s osobymi obrazovatel'nymi potrebnostjami v obshheobrazovatel'noj shkole (urovnevnyj podhod) [Psychological and pedagogical support for students with special educational needs in secondary schools (level-based approach)] metod. rekomendacii/sost. Eliseeva I.G., Ahanova Zh.B. - Almaty: NNPC RSIO, 2020. - 76 s.
 19. «Erekşe bilim beru qajettilikterin bağalau qağidalaryn bekitu turaly» Qazaqstan Respublikasy Bilim jäne ğylym ministrinıń 2022 jylǵy 12 qańtardaǵy № 4 búiryǵy [Order approving the Rules for Assessing Special Educational Needs] [Elektrondy resurs] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618> (qaralǵan kúni: 25.05.2024 j.)

Взаимодействие специалистов службы психолого-педагогического сопровождения общеобразовательных школ с учителями-предметниками

М.А. Тыныбаева¹, Л.А. Бутабаева¹, А.К. Жусип^{*}, М.Ж. Темирбаева¹

¹Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, г. Астана, Республика Казахстан



Аннотация. Обеспечение доступа к качественному образованию для всех детей – одно из приоритетных направлений государственной политики страны. В этой связи в школьном пространстве важна совместная работа специалистов службы психолого-педагогического сопровождения при включении каждого ребенка в образовательный процесс с учетом его индивидуальных возможностей и особых потребностей. Целью данной статьи является изучение взаимодействия специалистов службы психолого-педагогического сопровождения и учителей-предметников, выявление трудностей в этом взаимодействии, а также разработка рекомендаций по их преодолению. Для выполнения поставленных задач и обеспечения достоверности данных в ходе исследования авторы использовали теоретические, диагностические и эмпирические методы. Приведены результаты ис-

следования, проведенного в регионах на основе качественных и количественных методов в соответствии с методологией исследования. Результаты свидетельствуют о необходимости повышения взаимодействия специалистов службы психолого-педагогического сопровождения с учителями-предметниками для своевременного выявления трудностей в обучении учащихся и оказания им необходимой поддержки, при этом работа службы психолого-педагогического сопровождения должна осуществляться в организациях образования в соответствии с утвержденными правилами. Также в статье предлагается модель психолого-педагогического сопровождения, разработанная на основе международного опыта, для эффективной реализации взаимодействия указанных групп и обеспечения включения всех детей в образовательный процесс с учетом индивидуальных возможностей и особых потребностей.



Ключевые слова: психолого-педагогическое сопровождение, инклюзивное образование, дети с особыми образовательными потребностями, специалисты службы психолого-педагогического сопровождения, учителя-предметники

Interaction of specialists of the psychological and pedagogical support service of secondary schools with subject teachers

M.A. Tynybayeva¹, L.A. Butabayeva¹, A.K. Zhussip^{*1},
M. Zh. Temirbayeva¹



Abstract. Ensuring access to quality education for all children is one of the priorities of the country's State policy. In this regard, the joint work of specialists of the psychological and pedagogical support service in the school space is important when including each child in the educational process, taking into account his individual capabilities and special needs. The purpose of this article is to study the interaction of specialists of the psychological and pedagogical support service and subject teachers, identify difficulties in this interaction, as well as develop recommendations for overcoming them. To fulfill the tasks set and ensure the reliability of the data in the course of the study, the authors used theoretical, diagnostic and empirical methods. The results of a study conducted in the regions based on qualitative and quantitative methods in accordance with the research methodology are presented. The results indicate the need to increase the interaction of specialists of the psychological and pedagogical support service with subject teachers in order to timely identify difficulties in teaching students and provide them with the necessary support, while the work of the psychological and pedagogical support service should be carried out in educational organizations in accordance with approved rules. The article also proposes a model of psychological and pedagogical support, developed on the basis of international experience, for the effective implementation of the interaction of these groups and ensuring the inclusion of all children in the educational process, taking into account individual capabilities and special needs.



Keywords: psychological and pedagogical support, inclusive education, children with special educational needs, assessment of special educational needs, specialists of the psychological and pedagogical support service.

Материал баспаға 29.04.2024 келіп түсті.